



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажилис Парламента

201\_\_ ЖЫЛҒЫ “ \_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

21.02.2018 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары – Ауыл  
шаруашылығы министрі  
Ө.Е. Шөкеевке**

## **ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ**

**Құрметті Өмірзақ Естайұлы!**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауында 5 жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауылшаруашылығы өнімінің экспортын, тиісінше, кем дегенде 2,5 есеге арттыруды тапсырғаны белгілі.

Қазіргі таңда ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі басқа факторларымен қатар тұқым шаруашылығына тікелей байланысты. Бәсекеге қабілетті саланы құру, оның ішінде қажетті көлемде жоғары репродукциялы тұқымдарды өндіру мен сату және оған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қолжетімдігін қамтамасыз ету – тұқым шаруашылығының басты мақсаты болып табылады.

Тұқым шаруашылығы саласындағы кемшіліктер тұқымдардың сұрыптық және егу сапасына, олардың өндіріс көлеміне, ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің технологиялық процестерінің мерзімдеріне айтарлықтай әсер етеді.

Қалыптасып отырған жағдайда отандық селекцияны, сортсынау мен тұқым өндіруді дамыту үшін жағдай жасау – ауыл шаруашылығы саласының басым бағыты екені айқын. Осыған орай тұқым шаруашылығындағы мәселелерге тоқталып кеткенді жөн көреміз.

Еліміздегі барлық шаруашылықтар қолданысындағы сорттарды жаңарту мен алмастыру пайызының төмендігі, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің отандық селекция жетістіктерін пайдалану, сорттық сынау және тұқым шаруашылығы саласындағы инновациялық қызметті қабылдау деңгейі төмен болып отыр.

Аттестатталған тұқым өндірушілер негізінен дәнді дақылдардың тұқымын өндірумен айналысады, ал дәнді-бұршақты, майлы дақылдар, біржылдық және көпжылдық шөптердің тұқымдарын өндіру бүгінгі күні ауылшаруашылық тауар өндірушілер (АШТӨ) қажеттілігін қамтамасыз етпейді.

Материалдық-техникалық және технологиялық базаның ескіруі, селекцияның кадрлармен қамтамасыз етілуі, сортсынау және тұқым шаруашылығы базаларының ескіргені - селекциялық процесті тиімді жүзеге асыруға және жоғары сапалы тұқымдарды өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермей келеді.

Селекциялық ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын жас мамандар мен ғылыми дәрежесі бар ғалымдар жеткіліксіз деңгейде қалуда. Оған селекциялық жұмыстарды қамтамасыз ететін материалдық деңгейдің төмендігі, ҒЗИ-дағы жалақының төмендігі, қаржылық тұрақсыздық, карьерлік өсудің бұлыңғырлығы жастар тарапынан осы сала бойынша мамандық таңдауын қызықтыра бермейді. Дегенмен, қолда бар мамандардың біліктілігі селекция саласында ойдағыдай жемісті зерттеулер жүргізуге толық мүмкіндік беруде, оған ҒЗИ мен станциялардың ғылыми қызметінің нәтижелері дәлел.

Селекциялық мекемелердің материалдық-техникалық базасы жылдар бойы жаңартылмай, кенжелеп қалған. Сала мамандары мен ғалымдардың қолданыстағы барлық селекциялық техникалары мен құрал-жабдықтары моральдық жағынан ескі және замануи талаптарға мүлдем сәйкес келмейді. Материалдық-техникалық базаны жаңарту мүмкіндіктері, жас кадрларды осы салаға тарту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оларды тәжірибе алмасу мақсатында шетелдерге іс-сапарларға жіберу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының аясын кеңейту мүмкіндіктері жеткілікті деңгейде қаралмаған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру уақытылы және қажетті деңгейде болса ауылшаруашылық тауар өндірушілерін бәсекеге қабілетті сорттармен қамтамасыз ету мүмкіншілігі көтерілер еді. Селекциялық процесстің үздіксіз жүргізілуі тиіс екендігін ескерсек аграрлық ғылым саласын жеткілікті қаржыландырмай нәтиже күту қиын.

Тұқым шаруашылығында қордаланған мәселелерді шешу мақсатында шаруашылықтар тұқым себу кезінде элиталы және жоғары репродукциялы тұқымдарды пайдалануға мүдделілік білдіруі керек, түпнұсқалы және элиталы тұқымдарды, бірінші ұрпақтағы будандар (гибридтер) мен бірінші репродукциядағы тұқымдарды (басым дақылдар бойынша) алу үшін субсидия түрінде мемлекеттік қолдау жасау жұмыстарын, мемлекеттік бақылауды, төмен репродукциялы тұқымдарды пайдаланғаны үшін әкімгершілік жауапкершілікке тартуды күшейту қажет.

Сонымен қатар, жоспарлы сорттық жаңартуды жүргізу үшін субсидияланған тұқымдардың мақсатты пайдалануына бақылау жүргізуді қамтамасыз ету керек.

Бүгінгі таңда «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұқым шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылау облыстардың жергілікті атқарушы органдарының тұқым шаруашылығы бойынша мемлекеттік инспекторлар тарапынан іске асырылады. Бірақ та, аудандардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреттілігі қаралмағандықтан, тұқым шаруашылығы саласына аудандық деңгейде бақылау жүргізуге қиындықтар тудыруда. Сондықтан, бақылау тиімділігін арттыру мақсатында тұқым шаруашылығында аудандардың (облыстық маңыздағы қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреттілігін қарастыру керек.

АШТӨ-ге элиталы егістер үлесін 4-6% деңгейінде ғылыми-негізделген нормаға дейін және орташа кеш тобындағы тұқымдар үлесін жалпы егіс көлемінен 10-нан 15%-ға дейін жеткізу қажет.

Тауарлы егістер 3-ші репродукциядан (мысалы астық дақылдары бойынша) немесе 1-ші ұрпақтан төмен емес гибрид тұқымдарымен себілу мақсатында АШТӨ жыл сайынғы қажетті тұқымдарды алу үшін оларға сорт жаңартудың міндетті нормаларын енгізу қажет.

Ғылыми-өндірістік орталықтар мен АШТӨ егіс алқаптарында үздік отандық сорттар мен гибридтерді кең ауқымда сала мамандарына көрсетуді ұйымдастырған жөн.

Мемлекеттік сортсынау учаскелерінде мемлекеттік сынау әдістемесі мен сорттық технологияны қолдануды сақтай отырып нақты аймаққа бейімделген қолданыстағы агротехникаға сәйкес дақылдар мен сорттарды зерттеуді жүргізу керек.

Тұқым өндірушілер тарапы ауылшаруашылық өндірісінде төмен өнім беретін сорттарды мемлекеттік тізбеге енгізілген жоғары өнімділікті, сапалы өнім беретін пайдалы белгілері мен қасиеттері бар жаңа сорттарымен ауыстыру қажеттілігін қарастырғаны дұрыс.

2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/226 тиісті ережелер шеңберінде тұқым өсіруші шаруашылықтарды аттестаттаудан немесе қайта аттестаттаудан өткізу қажет деп санаймыз.

Мал азығы, майлы, бұршақ дақылдарының егіс көлемін көбейтуге бағытталған егіс алқаптарын әртараптандыру аясында жоғарыда аталған дақылдардың тұқымдарына алдағы уақытта сұраныс туындайды деп күтілуде. Осы ретте, тұқым өндірушілер нарық беталысына шұғыл әрекеттеніп, ұн тарту, жармалық, сыра қайнату, майды қайта өңдеу өнеркәсіптерін шикізатпен қамтамасыз ету, сондай-ақ мал шаруашылығында азықтық базаны нығайту, ауыл шаруашылығының басқа да қызмет түрлері мен қайта өңдеу салаларының қажеттілігіне қарай тұқым өсіру егістерін ұлғайту мәселелерін күн тәртібіне енгізуі тиіс.

Жоғары сапалы тұқым өндірісін қамтамасыз ету мақсатында тұқым себу стандарттарының, сонымен қатар астық кептіру мен тұқымдарды

сақтайтын қоймаларының талаптарына сәйкес келетін тұқым тазалағыш кешендері мен желілер құрылысын салуға, қайта салуға, жобалау және монтаждауға жағдай жасау да өзекті мәселелер қатарында.

### **Құрметті Өмірзақ Естайұлы!**

Сізден жоғарыда айтылған мәселелердің шешілуіне назар аударуды және тұқым шаруашылығы саласының материалдық-техникалық базасын жаңарту мүмкіндіктерін, жас кадрларды осы салаға тартуды, қызметкерлердің біліктілігін арттыруын, оларды тәжірибе алмасу мақсатында шетелдерге іс-сапарларға жіберуді, ғылыми-зерттеу жұмыстарының аясын кеңейту мүмкіндіктерін қарастыруды және нәтижесі жөнінде «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
«Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**А. Ералиев**

**С. Омаров**

**С. Қаныбеков**

**Ф. Қаратаев**

**А. Смағұлов**

**Г. Шиповских**

*Орындаған: Р. Құдияров*  
74-63-50